

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

МӘСЕЛЕ



АЛМАТЫНЫҢ АПОРТЫ

мегаполиске қайта оралсын
десек, атқаратын шаруа
паш-егектен

6

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

8

БАУЫРЛАС ЕЛГЕ КӨМЕК



БАТЫЛ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ӨРЕКЕТ

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.02.2023

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+4+6 °C
Бұлттылықтың артуы,
жауын-шашын, кей уақытта
қатты (жаңбыр, жылбысқы
қар), тұман, көктайғақ.

Желдің жылдамдығы:
2-7, күндіз екпіні 13 м/с

26.02.2023

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, қар,
тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0,+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №28 (6321) 25 ақпан, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCXz3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫДА СЕЙСМОАУДИТ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Бұл мегаполис нысандарының құжаттарын жаңартуға мүмкіндік береді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады

Президент қаланың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынылған шаралар мен биылғы екінші жартыжылдықта сейсмоаудит жүргізу жоспарын мақұлдады. Бұл шаһардағы нысандардың құжаттарын жаңартуға мүмкіндік береді.

3

ӘКІМ

ЖЕТІСУ ЖАҢАРЫП, ЖАНДАНАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен тұрақты кездесуі өз тиімділігін көрсетіп, оң нәтиже беріп жатыр. Кездесулер барысында көтерілген бастамалар баянды болып, өзекті мәселелер өз шешімін тауып келеді. Осы уақыт ішінде шаһар басшысы Жетісу ауданын бірнеше мәрте аралап, тұрғындарымен үш мәрте кездескен екен. Кездесулер барысында берілген 114 хаттамалық тапсырманың 90%-ы, яғни 102-сі орындалса, 12-сі бойынша жұмыс әлі де жалғаса береді.

4-5

ҚЫСҚА...

- Президент Финляндияның Сыртқы сауда және халықаралық дамуды қолдау министрі Вилле Скиннариді қабылдады.
- Президент Түркия мен Сирияға барған құтқарушыларды марапаттады.
- Сенатта бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері талқыланды.
- Әлихан Смайылов Жетісу облысына жұмыс сапарымен барды.
- «Әділетті Қазақстанның ортақ құндылықтары» тақырыбына арналған «Ұлттық мүдде» диалог алаңының кезекті отырысы өтті.
- 28 ақпанда АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Қазақстанға келеді.
- Алматының Жетісу ауданында жаңа саябақтың құрылысы басталады.
- Елордада Сұлтан Бейбарыс көшесі ашылды.
- Биыл елімізде атаулы әлеуметтік көмекке 73,9 млрд теңге бөлінді.
- «Bolashak Bright» қайырымдылық платформасының тұсаукесері өтті.
- ҚР ЕХӘКМ: 2023 жылғы бірінші ақпанда 350 мыңнан астам адам АӘК алды.
- ҚР ИИДМ: Қазақстанда шағын пәтерлі тұрғын үйді басқарудың жаңа түрі пайда болады.
- 4-12 наурызда елімізде жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында биатлоннан Әлем чемпионаты өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеевті қабылдады.

Президентке «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобының 2022 жылы қол жеткізген негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері мен жүзеге асыруға жоспарлаған перспективті жобалары туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ, «Әзербайжан – Қазақстан» бағыты бойынша Каспий теңізінің табаны арқылы тартылатын талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысына қатысты халықаралық жобаны «AzerTelecom» компаниясымен бірлесіп жүзеге асыру жұмыстары жалғасатыны жөнінде баяндалды.

Қуанышбек Есекеевтің айтуынша, өткен жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі қаржы және экономикалық көрсеткіштері өсті. Бұл биыл бірқатар ауқымды жобаны іске асыруға мүмкіндік береді. Олардың негізгісі 5G желісін жүргізу жобасы болмақ. Аталған міндетті «МТС» ЖШС және «Кселл» АҚ операторларының консорциумы атқарады. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының еншілес компаниялары 2027 жылға дейін еліміз бойынша 7 мыңнан астам базалық станция салуға тиіс. Биыл Астана, Алматы және Шымкент қалаларында осындай 486 станция пайдалануға беріледі.

Биыл ауылдарды одан әрі интернетпен қамтамасыз ету, Қазақстан абоненттерін ескірген ADSL желілерінен оптикаға көшіру, көпқабатты тұрғын үйлерді GPON технологиясы арқылы жылдамдығы жоғары интернетке қосу секілді жобалар іске асырылады.

Кездесу соңында Президент халқымыз бен экономикамыз үшін жоспарланған жобаларды уақытылы және сапалы орындаудың маңыздылығына назар аударды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы қалалар мен ауылдық жерлердегі телекоммуникация желілерін одан әрі дамыту, сондай-ақ Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру үшін халықаралық деректер трафигінде желілік инфрақұрылымды өркендету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

■ ПАРЛАМЕНТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған мәселелерді қарап, өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады, көппәтерлі үйлерді тиімді басқарудың құқықтық негізін қалыптастыратын заңды мақұлдады.

Құжатта кондоминиум нысанын басқарудың жеке үлгісі – тікелей бірлесіп басқаруды қалыптастыру қарастырылған. Сондай-ақ, ауылда өз қызметкерлері үшін тұрғын үй салатын жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау мәселесі енгізіледі. Бұл норма Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленді. Сенаторлар заңдағы жаңашылдықтарды тұжырымдамалық тұрғыдан қолдай отырып, оның жекелеген ережелеріне бірқатар толықтырулар енгізуді ұсынды. Осылайша Сенат депутаттары заңды жаңа редакциясымен мақұлдады. Сенат енгізген негізгі өзгерістерде көлік қоятын орындардың және қойма иелерінің мүдделерін қорғайтын, оларды қолданудың шарттарын айқындайтын нормалар бар. Сонымен бірге, бюджет қаражаты есебінен көппәтерлі үйде лифтіні ауыстыруды немесе жөндеуді қаржыландыру ережелері бекітілді. Осы саладағы уәкілетті органның құзыреттері және көппәтерлі тұрғын үйді салушының міндеттері нақтыланды.

«Бұл заң Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді. Ол тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіруді көздейді. Жалпы, мақұлданған заң көппәтерлі тұрғын үйлерді қолайлы және тиімді басқару үшін құқықтық негіз қалыптастырады», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте республикалық маңызы бар автожолдар желісін одан әрі дамыту жоспарлары талқыланды.

Республика аумағында жалпы ұзындығы 13 мың шақырымға жуық 8 автомобиль транзиттік дәлізі бар. Қазіргі уақытта «Алматы – Талдықорған – Өскемен – Шемонаиха – РФ шекарасы» (768 км), «Ақтөбе – Атырау – РФ шекарасы» (746 км), «Майқапшағай – Қалбатау – Семей – Павлодар – РФ шекарасы» (415 км) және «Алматы – Астана – Петропавл – РФ шекарасы» (31 км) трассаларында жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. 2030 жылға дейін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» (1 363 км) және «Астана – Қостанай – РФ шекарасы» (830 км) дәліздері мен «Атырау – Орал – РФ шекарасы» (587 км) трассаларын I техникалық санатқа сәйкестендіріп жаңарту жоспарланып отыр.

■ ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯ

Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның отырысында мұнай өнімдерін өндіру саласы және жолаушылар әуе тасымалы нарығында монополияға қарсы жаңа шараларды іске асыру жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Жиында мұнай өңдеу зауыттарының бірінде техникалық сервистің негізгі функцияларын аутсорсингтен кәсіпорынның өзіне қайтару мәселелері талқыланды. Бұл аталған қызметтерді орындауға араласатын артық делдалдарды алып тастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, отырысқа қатысушылар заңнамадағы кемшін тұстардың есебінен билет құнының негізсіз өсуін бойдырмауға мүмкіндік беретін жолаушылар әуе тасымалы саласындағы шараларды қарастырды.

■ МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК

Қазақстандықтарға мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде шамамен 45 млрд теңге төленді.

Жыл басынан бері мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (МӨЖ) төлеуге республикалық бюджеттен 40 млрд теңге жұмсалды. Бұған қоса, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӨСҚ) еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу бойынша шамамен 5 млрд теңге көлемінде әлеуметтік төлемдер төленді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2023 жылғы I ақпандағы жағдай бойынша мүгедектігі бойынша МӨЖ алушылар саны шамамен 531,3 мың адамды, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – шамамен 190,8 мың адамды құрады. 2023 жылғы I қаңтардан бастап жалпы аурудан мүгедектігі бойынша МӨЖ мөлшері 1-топ үшін 77 889 теңгені, 2-топ үшін – 62 068 теңгені, 3-топ үшін – 42 190 теңгені құрайды. Бұдан басқа, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда МӨСҚ-дан әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылады. Мәселен, осы жылдың қаңтар айында 83,3 мың адам еңбек ету қабілетінен айырылу бойынша әлеуметтік төлем, ал 56 мыңға жуық отбасы асыраушысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем алды. Бүгінгі таңда еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 33 146 теңгені, асыраушысынан айырылу бойынша – 34 349 теңгені құрайды.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, ҚР ОСК баспасөз қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

■ БРИФИНГ

БӘСЕКЕЛЕСТІК
ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Айгүл Қалықова айтты.

Досбол
АТАЖАН

Сондай-ақ, А.Қалықова ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы бойынша сайлау науқаны кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен бастап 18 ақпанда басталғанын еске салды.

АСК-ның мәліметіне сәйкес, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына 2023 жылғы 20 қаңтар мен 8 ақпан аралығында Алматы қаласынан барлығы 143 кандидат ұсынылды.

«ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына барлығы 104 кандидат тіркелді. 36 кандидатты тіркеуден бас тартылды. Негізгі себептер: тістігі құжаттарды ұсынбау және кандидаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі. Ал бір кандидат Мемлекеттік кірістер департаментінен декларация бойынша өте алмады. 2 адам кандидатураның кері қайтаруы алу туралы өтініш берді», – деп хабарлады А.Қалықова.

Жалпы, округтер бойынша ұсынулар келесідей болды:

– Ең жоғары бәсекелестік – 3-ші округте 37 адам.

– Тіркелген үміткерлердің 73-і ер, 31-і әйел адам.

Сондай-ақ, тіркелгендердің 17-сі бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, коммерциялық құрылымдардың қызметкерлерінің саны – 65. 7 үміткер зейнеткер, 6-ы жұмыссыз, 2-еуі қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тағы 4-еуі қоғамдық қорлардың өкілдері және 3 кандидат өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Бірмандаттық округтер бойынша Парламент Мәжілісіне өзін-өзі ұсыну тәртібімен тіркелгендердің қатарында 91 адам бар. Аманат партиясынан 3 кандидат, ҚХП – 2, «Ақ жол» ҚДП – 2, Respublica партиясынан – 2, «Ауыл» ХДПП, ЖСДП, «Қазақстанның Орыс қауымдастығы» ҚБ, Қазақстан автомобильдер федерациясынан – бір кандидаттан.

Сонымен қатар, Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Айгүл Қалықова ОСК отырысында дауыс беруге арналған бюллетеньге саяси партиялардың атауларын енгізу тәртібі туралы мәселені қаралғанын айтты.

Жеребе тарту қорытындылары бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауда саяси партиялардың атауларын сайлау бюллетеніне енгізу тәртібі:

1. Amanat партиясы;
2. «Ауыл» партиясы;
3. Respublica партиясы;
4. Қазақстан Халық партиясы;
5. Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы;
6. «Ақ жол» партиясы;
7. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия.

Бұл тәртіп пропорционалды жүйе бойынша сайланатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының депутаттарын сайлауда пайдаланылатын болады.

«Бюллетеньге Алматы қаласы бойынша тіркеуден өткен 6 партия енгізілген. Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын партиялық тізімдермен сайлау бойынша 6 саяси партияның 153 кандидаттан тұратын партиялық тізімдері ұсынылды. Олардың 149-ы тіркелді», – деп хабарлады А.Қалықова.

Оның айтуынша, саяси партиялар құжаттарды сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес ұсынады. Әрбір партиялық тізімде әйелдер мен 29 жасқа толмаған адамдардың саны кемінде 30% құрайды.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша 210 кандидатура ұсынылды. 18.02.2023 жылғы сағат 18.00-дегі жағдай бойынша тіркелгендер: 21 бірмандаттық округ бойынша 170 үміткер.

Белгілі болғандай, үміткерлердің 3-еуі ұсынылғаннан кейін өз кандидатураларын кері қайтарып алған, 34-і тіркеу үшін қажетті бар-

лық құжаттарды ұсынбаған, тағы бір адам кандидат ретінде тіркелуден бас тартқан, тағы екі кандидат талаптарға сай емес деп танылды.

Орта есеппен бір мандатқа 8 адамнан келеді. Ең жоғары бәсекелестік – 12 округте 12 адам. Тіркелген үміткерлердің 134-і ер, 36-сы әйел адам.

Бір мандатты округтер бойынша Алматы қаласының мәслихатына 125 өзін-өзі ұсынуды тіркелген және АМАНАТ партиясынан 20 кандидат, ҚХП – 3, «Ақ жол» ҚДП – 8, RESPUBLICA партиясы – 2, «Ауыл» ХДПП – 3, «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы ҚБ – 6 және қоғамдық ұйымдардан 3 кандидат тіркелді.

Ең жас үміткер 2002 жылғы (20 жаста) болса, ең жасы үлкен кандидат 1948 жылы дүниеге келген (74 жаста).

2023 жылдың 22 ақпаны сағат 18.00-дегі жағдай бойынша, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыс еместігі декларация тапсыру кезінде анықталғандықтан («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 89-бабының 4-3-тармағының 4-тармақшасы) бірмандаттық округ бойынша ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттығына 3 кандидатты тіркеу туралы шешім күшін жойды:

– № 3 округ бойынша 1 кандидат. Осылайша онда 36 кандидат қалды.

– 2 кандидат №5 округтік. Ол жерде 32 кандидат қалды.

Жалпы есепке келер болсақ, 104 кандидаттың 101-і қалды.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайлауға қатысты да ұқсас жағдай болып, (Конституциялық заңның 104 б. 6-1 т. 4 т.) бірнеше кандидаттарды тіркеу туралы шешім күшін жойды:

– 1 кандидат №7 округтен. Осылайша 11 кандидаттан 10-ы қалды.

– 1 кандидат болса, №17 округтен. Олар 9 болса, қазір 8-і қалды.

Барлығы 170 кандидаттан 168-і қалды.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫДА СЕЙСМОАУДИТ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Бұл мегаполис нысандарының құжаттарын жаңартуға мүмкіндік береді

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысына Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есеп берілді. Биыл қаңтар айында қаланың қысқа мерзімді экономикалық индикаторы инвестициялық және іскерлік белсенділіктің өсуі есебінен 136,7 пайызға дейін артты. Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі 21,9 пайызға ұлғайды. Экономиканың даму қарқынын сауда, көлік және өңдеуші өнеркәсіп салаларындағы өсім қамтамасыз етті.

Ерболат Досаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын әзірлеудің негізгі тәсілдері жөнінде баяндады. Оны дайындау барысында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 қарашада Алматы жұртшылығымен кездесуінде айтқан тапсырмалары ескерілген.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына қала ішінде «жасыл дәліздер» жасау үшін Дүниежүзілік банкпен бірлесе әзірленіп жатқан іс-әрекет жоспары бойынша аралық есеп берілді. Бұл бастама аясында жасыл желегі мол аумақтардың ауданын ұлғайту, соның ішінде өзен арналары мен каналдар бойын көгалдандыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, Президентке Алматының Индустриялық аймағында автомобиль кластерін құру барысы



баяндалды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев нақты табыстың артуын қамтамасыз етуге және қаладағы экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған шараларды күшейту жөнінде тапсырма берді.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, Бостандық ауданындағы 4 қабатты әкімшілік ғимарат Экспериментальная көшесінің солтүстігі мен Ходжанов көшесінің шығысында заңды өрескел бұза отырып салынған. Нысан жоба эскизінсіз салынған, сонымен қатар бекітілген бас жоспарда ауытқулар тіркелген.

ТАЛАП-АРЫЗ ЕСКЕРІЛДІ

Қалада салынып жатқан әкімшілік орталық сот шешімімен бұзылады



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қала құрылысын бақылау басқармасы және меншік иесі арасындағы сот процесі екі жылдан астам уақыт бойы жалғасып келеді. 2020 жылдың 6 наурызында талап-арыз Бостандық аудандық сотына жіберілді. Сот ұйғарымымен талап-арыз қанағаттандырылып, Алматы қалалық сотының 16.10.2020 жылғы ұйғарымымен бірінші сатыдағы сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды. 2021 жылдың 13 мамырында мемлекеттік сот орындаушысы меншік иесіне сот шешімін ерікті түрде орындау туралы хабарлама жіберді. Алайда, бұл уақытқа дейін меншік иесі жер телімін басқа жеке тұлғаға сатып жіберген, осыған байланысты сот орындаушысы қаулыны орындаусыз қайтарған. Қала құрылысын бақылау басқармасы жер телімін сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап-арызға бастамашы болды. 27.01.2022 жылы сот шешімімен мәміле жарамсыз деп танылды. Алматы қалалық сотының 2022 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен шешім өзгеріссіз қалдырылды.

Атқару парағы Алматы қаласы Әділет департаментіне бытыр мамырда жолданған. Нысанды бұзу 09.08.2022 жылға жоспарланған болатын. Сот орындаушысының әрекетіне шағымдануын ескере отырып, бұзу жұмыстары жүргізілмеген. Үшінші тұлға Алматы қалалық сотына бұзу туралы шешімге апелляциялық шағым түсірді. Алматы қалалық сотының шешімімен апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.

Бүгінгі күні орындау Алматы қаласы Әділет департаментінің міндетінде, сот орындаушысымен нысанды бұзу мерзімі әлі белгіленбеген.

БРИФИНГ

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ АСА МАҢЫЗДЫ БЦЖ вакцинасы аурудың даму қаупін 50%-ға төмендетеді

Бүгінде қаламызда туберкулезге экспресс диагностика жасайтын орталықтар жұмыс жасауда. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласындағы фтизиопульмонологиялық орталық директорының міндетін атқарушы Қазима Қажыкенова мегаполисте туберкулездің қалай анықталып, емделетіні туралы айтып берді.



Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Медицина маманының айтуынша, Алматы қаласында да, республика көлемінде де туберкулезге қарсы күреске ерекше көңіл бөлінуде.

«Алматы қаласында КВИ індетінің теріс әсеріне қарамастан, туберкулез бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал сақталуда және негізгі көрсеткіштер республикалық орташа деңгейдегі көрсеткіштерден төмен. Соңғы 5 жылда Алматы қаласында туберкулезбен

ауыру көрсеткіші 35,1%, ал туберкулезден болатын өлім көрсеткіші 25,1%-ға төмендеді», – дейді Қазима Қажыкенова.

Жаңа жұқтыру жағдайларын емдеудің тиімділігі де 87%-дан асты. Өткен жылы туберкулезбен ауыратын 876 науқасқа әлеуметтік қолдау көрсетілсе, Алматы қаласының әкімдігі туберкулезбен ауыратындарға ай сайын 35 000 теңгеден ақшалай көмек көрсетуде. Үкіметтік емес ұйым науқастарға жол жүру билеттері, азық-түлік пакеттері және ақшалай төлемдер түрінде көмек көрсетеді.

«Елімізде туберкулезді анықтау және диагностикалау үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы ұсынымдарына сәйкес тексерудің барлық диагностикалық әдістері енгізілген. ПТР диагностикасы құрылды, ол туберкулездің бар-жоғын гендік деңгейде 2 сағат ішінде анықтауға және алғашқы күннен бастап емдеуді тағайындауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының директоры Мәлік Әденов.

Бүгінгі күні туберкулезбен ауыруды төмендету көрсеткіштеріне қол жеткізу фтизиатриялық қызмет пен МСАК бойынша жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың арқасында мүмкін болып отыр.

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

«КОРЕ ИЛЬБО» ГАЗЕТІНЕ – 100 ЖЫЛ

Биылғы жылдың 1 наурызында «Коре ильбо» газетінің алғашқы санының жарыққа шыққанына 100 жыл толады. Осыған орай, Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі оқырмандарды редакция ұжымымен, мерзімді басылымның ғасырлық тарихы бар жәдігерлерімен таныстырды.



Рая ЕСКЕНДІР

«Газеттің тарихы өте бай, ол Ресейдің Қыыр шығысынан бастау алған. Міне, жүз жылдан кейін туған Қазақстанымызда еңбек етіп, дамып жатырмыз. Біздің ойымызша, газеттің Қазақстанда сақталып, дамып келе

жатқаны – мемлекетімізде қандай қоғам барын, қандай ұлттық саясат жүргізіліп жатқанын айшықтайтын үлкен тарихи құбылыс», – дейді «Коре ильбо» кәріс республикалық газетінің бас редакторы Константин Ким.

Газеттің алғашқы саны 1923 жылы 1 наурызда шығып, ол кезде «Сенбон» деп аталды, яғни Авангард дегенді білдіреді. 1937 жылға дейін газет Ресейдің Қыыр шығысында сол аумақта тұратын корейлерге арналып шықса, кейін кәрістердің жер аударылуына байланысты газет ұжымының бір бөлігі Қызылордаға келеді. Осыдан соң алғашында облыстық мәртебеге ие болған газет бірер жылдан кейін республикааралық деңгейде – Қазақстанда ғана емес, Кеңес Одағының барлық республикаларында жарық көре бастайды.

1991 жылы газет халықаралық «Коре ильбо» газетіне айналды. Бұл – «Кәрістердің күнделігі» дегенді білдіреді. Бас редактордың айтуынша, бұл күні газет өз атын сақтап қана қоймай, мемлекеттік қолдауға ие болып, Қазақстанның бүкіл медиа кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

«Ақшамдықтар» әріптестерін жүз жылдық мерейтойымен құттықтап, ұжымға шығармашылық табыстар тілейді.



ӘКІМ

ЖЕТІСУ ЖАҢАРЫП,

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданының

(Басы 1-бетте)

Сонымен, Алматының ең алпауыт ауданы саналатын өндіріс пен кәсіпорынның ең негізгі ошақтары орналасқан Жетісу ауданы мегаполистің ғана емес, еліміздің экономикасына айтарлықтай үлес қосып отырған 900-ден астам өнеркәсіптік кәсіпорындар орналасқан аудан.

Қала басшысы өткен жылы ауданның экономикалық даму көрсеткіштері оң динамика көрсеткенін ерекше атап өтті. Аудандағы өндірістің көлемі 12%-ға өсіп, негізгі капиталға салынған инвестициялар 26,5%-ға артқан еді. Осынау көрсеткіш нәтижесінде аудан көлемінде 7 мыңнан астам (5,5 мың тұрақты) жұмыс орны құрылды.

Шаһар басшысы Жетісу ауданы үшін ең өзекті мәселеге айналған инженерлік желілерді модернизациялау, жолдар мен қоғамдық көліктің сапасын жақсарту және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелері туралы кеңінен баяндап, кездесу соңында аудан тұрғындары тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

СУ БҮРУ ЖЕЛІЛЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Жетісу ауданындағы ең өзекті мәселенің бірі – инженерлік желілерді жаңғырту. Аудан тұрғындарымен болған кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев бұл мәселеге тағы да тоқталды. Былтырғы жылы «Жұмысшылар кентіндегі» 22 көшедегі 47 шақырымнан астам сумен камту және су бұру желілері «Алматы Су» КМК балансына беріліп, біраз мәселе шешілген еді. Шаһар басшысы желілер 2019 жылы реконструкциядан өтсе де, мердігердің анықталған ақауларды жоюы қажет болғандықтан, балансқа беру бірнеше жылға созылғанын жеткізді. Қазір аудандағы 2500 абонентті жаңа желілерге қосу жұмыстары жүріп жатыр. Сәтін салса, ағымдағы жылы 14,5 шақырым сумен камту және су бұру желісі жаңартыны болады. Қазіргі таңда жауапты мердігер анықталып, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сәуір айында бастап, 2024 жылдың II тоқсанында



аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, осы жылдың наурыз айында «Кемел» ықшамауданының 33 көшесінде таратушы желіні салуға конкурс аяқталады. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2023 жылдың мамыр айында басталады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫ АРТАДЫ

«Кемел» ықшамауданындағы жаңадан салынып жатқан амбулаторияның құрылысы аяқталып келеді. Қазіргі уақытта бұл жұмыстың 80%-ы бітті. Сәтін салса, бір ауысымда 200 адамды қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілетін болады. Құрылыс сәуір айында толығымен аяқталады деп жоспарланып отыр. Ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Былтыр аудан әкімшілігі жекеменшіктен Нүсіпбеков және Омаров көшелеріндегі 2 ғимаратты сатып алған еді. Жөндеу жұмыстары жүргізіліп болған соң, бұл ғимараттарда 200 және 300

келушіге арналған емханалар ашылады. Аудандағы «Жұмысшылар кентінде» тұратын 40 мың тұрғынның 34 мыңға жуығы Алмалы ауданының емханаларына тіркелген. Сондықтан аудандық әкімшілік Райымбек даңғылының бойындағы ауданы 1,5 мың шаршы метр болатын ғимаратты анықтап, оны наурыз айының соңына дейін сатып алуды көздеп отыр. Онда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтар сатып алынғаннан кейін 240 адамды қабылдайтын емхана ашылатын болады. Жаңадан ашылатын емханалар Жетісу ауданының тұрғындарына жақын жерден қызмет көрсетуге және жұмыс істеп тұрған үш емхананың жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

ЗАМАНАУИ МЕКТЕП

Былтырғы жылы аудандағы 2 мектепке жапсарласа салынған 875 орынды қосымша ғимарат пайдалануға берілді. Сонымен қатар, «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектепке 200 орынды қосымша ғимарат салу басталды. Құрылыс жұмысы жаңа оқу жылы

басталғанға дейін аяқталады. Жетісу ауданы мектептеріндегі оқушы орындарының жағдайы салыстырмалы түрде жақсы. Дегенмен, халық санының өсуі мен ауданда тұрғын үйлердің қарқынды салынып жатқанына байланысты биыл Боралдай көшесінде 1200 орынды жаңа мектеп пен бұрыннан бар мектептерге 450 орынды 2 қосымша ғимарат салуды жоспарланды.

ЖАҢА САЯБАҚ

2023 жылы да Жетісу ауданын абаттандыру жұмыстары жалғасатын болады. Бұл туралы тұрғындармен болған кездесуінде қала әкімі Ерболат Досаев мәлімдеді. Ауданның «Айнабұлақ-1, 3» ықшамаудандарының скверлері мен «Гүлдер» саябағы ағымдағы жөндеуден өтті. Саябақ ішіндегі суару жүйелері жөнделіп, жаңадан жарық тартылды. Өткен жылы скейт-парктер ұйымдастырылған 2 жаңа жастар алаңы ашылды. Ауалардағы алаңдар жөнделіп, заманауи стритбол, баскетбол, волейбол және воркаут алаңдары жабдықталды. Сонымен қатар, наурыз айын-



СҰРАҚ-ЖАУАП

Тұрғындар тілегі ескерілді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың баяндамасынан кейін кездесу сұрақ-жауап сессиясына ауысты. Жетісу ауданының тұрғындары шаһар басшысына өтініш-шағымдарын айтты.

«Кемел» ықшамауданының тұрғыны құрылысы жүріп жатқан амбулатория қашан ашылатынын сұрады.

– Мен «Кемел» ықшамауданының тұрғынымын. Бізге дәрігерге қаралу үшін «Көкжиектегі» емханаға баруға тура келеді. Есімхан көшесінің бойындағы амбулатория салып жатқанына біраз болды. Осы мекеме қашан ашылады? – деді тұрғын.

– Баяндамада айтты өткенмін, қазір 80% жұмыстар аяқталды. Алдымыздағы екі айдың ішінде сәуірдің соңына дейін бітіруді жоспарлап отырмыз. Бұрын мердігермен қиындықтар болды, олармен соттастық. Бірақ биыл көктемнің соңғы айына дейін ашып береміз, – деді қала әкімі Е.Досаев.

Жетісу ауданының келесі тұрғыны «Саяхат» автовокзалында көлік қозғалысына қиындық тудыратын мәселелерді айтты.

– Сүйінбай–Райымбек көшелерінің қиылысындағы «Саяхаттың» мәселесін айтқым келеді. Такси ұстайтын адамдар көшеге шығып кетеді, көлік жүруіне кедергі жасайды. Осы реттеле ме? – деді тұрғын.



Бұл сұраққа Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев жауап берді.

– Қазір шынымен «Саяхат» автовокзалы жанында мұндай мәселе бар. Бірақ биыл Сүйінбай көшесі жағынан, «Мерей» сауда орталығы жағынан және Талғар бағыты жағынан үлкен аялдама кешендерін саламыз. Олардың ұзындығы 20 метр болады. Сол кезде бұл сұрақ шешіледі. Аялдама кешені

салынған кезде такси ол жерде тұра алмайтын болады, – деді С.Телібаев.

– Жаңа үш аялдама кешені салынған соң, такси үшін арнайы орын бөлеміз. Бірақ Алматының такси жүргізушілері өздеріне ұнайтын жерге тұрып алатынын білесіздер ғой. Бірақ айтылған жұмыстар біткен соң, қосымша жол белгілерін де қоямыз, – деп толықтырды қала әкімі.

Кезекті қала тұрғыны жауын-шашын

кезінде су басуға байланысты шағымын айтты.

– Мен Натарова көшесінің тұрғыны боламын. Жауын-шашын кезінде біздің көшені су басады. Көшені су басқан соң, біздің де үйі су басады. Осы мәселені шұғыл түрде шешіп берсеңіздер. Өйткені, жақында жаңбыр мезгілі басталайын деп тұр, – деді қала тұрғыны.

– Натарова көшесі біздің тізімде бар. Жақын күндері жұмыстарды бастаймыз. Барлық жұмыстар мамыр айына дейін аяқталады, – деп жауап берді Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев.

Жетісу ауданының тағы бір тұрғыны қаладағы газдандыру мәселесін қозғады.

– Биыл қыста біздің ауданда ауаның ластану деңгейі өте жоғары болды. Осыған байланысты Алматыда барлық тұрғын үйлер мен кәсіпорындарда көмірді отын ретінде пайдалануға тыйым салу туралы заң қарастыруды ұсынамын. Бұл газдандыруға өтуді және жылу электр орталығын (ЖЭО) жаңғыртуды жеделдетеді деп үміттенемін.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев айтылған мәселеге байланысты түсініктеме берді.

– Сәрсенбі күні Үкімет газдандыруға қатысты мәселені талқылады. Премьер-Министр 1 наурызға дейін түпкілікті схема бойынша шешім қабылдауды тапсырды. Газдандыруға өткеннен кейін біз мәслихаттың қарауына отынның басқа түрлерін пайдалануға тыйым салу туралы құжатты



ЖАНДАНАДЫ

тұрғындарымен кездесті

да «Кемел» ықшамауданында жаңа саябақтың құрылысы басталып, ондағы жұмыстарды жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сондай ақ, III тоқсанда «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзенінің сағасын абаттандыру жұмысы да аяқталады. «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында былтыр ауданда 23 жоба іске асырылды. Осы жоба аясында балалар мен спорт алаңдары жөнделіп, қоғамдық кеңістіктер ашылды. Биылғы 2023 жылы аудан тұрғындарының өтініші бойынша 800 млн теңгеге 17 жобаны іске асыру жоспарланған.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Жетісу ауданының тұрғындарын тұрақты электрмен қамту және сапалы көше жарығымен қамтамасыз ету маңызды бағыты болып қала бермек. Өткен жылы Палладин – Павлодарская – Боралдай көшелерінде тозған (80%-і тозған) электр желілері жаңартылып, Таймырская көшесінде 1 мыңнан астам абонент үздіксіз электрмен қамтамасыз етілді (12 км кабель жүргізілді). Осы жылдың соңына дейін «Кемел» ықшамауданында 3 мыңнан

астам абонент үшін 43,5 км электр желісін жаңарту аяқталады деп күтілуде.

Көшелерге жарық жүргізу мәселесі былтыр ауданның бұрын ішінара жарықтанбаған 49 көшесінде аяқталып, 5 көшедегі жарық жаңартылды.

Жарықтандыру жұмыстары әлі де жалғаса береді. Биылғы 2023 жылы тағы 101 көшені жарықтандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарланған.

ЖОЛ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

Жол жабынының жай-күйі ауданның барлық тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселе болып отыр. Былтыр әкімдік ұзындығы 26 шақырымнан асатын 22 көшеге орташа жөндеу жүргізді (26,4 км, ауданы 33,4 мың шаршы метр 183 көше учаскесінде ағымдағы жөндеу). 2023 жылы да бұл жұмыстар жалғасады. Мәселен, 25 шақырым жолға (28 көше) орташа жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

– Қоғамдық көлік қызметтерінің сапасы жақсара бастайды. Өткен 2022 жылы аса сұранысқа ие 8 маршруттың (№40, 41, 70, 135, 52, 56, 69, 80) жылжымалы құрамы, жалпы

саны 117 жаңа автобус толығымен жаңартылды. Биыл біз жаңа автобустарды сатып алу барысында паркті жаңарту және жекелеген маршруттарды көбейтуді жалғастыруды жоспарлап отырмыз, – деді Ерболат Досаев.

Сонымен, «Мектеп автобусы» жобасы аясында ауданның мектеп оқушыларын тасымалдауға аса мұқтаж 4 мектеп таңдап алынды. Бұл №80, 87, 112 және 193 мектептер. Осы мақсаттарға 16 арнайы автобус бөлінеді, оның 3-еуі осы наурыз айында балаларды тасымалдауды бастайды.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жетісу ауданы қаланың төменгі бөлігінде орналасқан. Сондықтан тұрақты су басатын учаскелердің проблемасы әлі де бар. Тұрғындар тарапынан ең көп шағым түсетін өзекті мәселелердің бірі. Өткен 2022 жылы әкімшілік төтенше 5 жағдай желісі бойынша ең көп су басатын 7 учаскені анықтады. Оларды жою үшін ұзындығы 2,6 шақырым жаңа су бұру коллекторы салынды, арық желісі жүргізілді (1,3 км), 2 коллектор (1 493 м) және Есентай каналы (2835 м) тазартылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

шығаруға дайынбыз. Қалада магистральдық газ құбырлары бар, бірақ адамдар оған әлі қосылмаған. 2023-2024 жылдар аралығында біз қалада газдандыруды толық аяқтаймыз деп үміттенемін. Шын мәнінде, қазір көмірді пайдалану деңгейі өте төмен. Бүгінгі күні Алматыда газдандыру деңгейі 99,2%-ды құрайды және 16 мың тонна пайдаланылады, – деп жауап берді әкім.

Өз кезегімен сұрақ қойған кезекті тұрғын сейсмикалық қауіпсіздік туралы ұсыныс айтты.

– Мен сейсмикалық қауіпсіздік және инфрақұрылымдық жүктемеге байланысты барлық көпқабатты ғимараттарды Алматыдан Gate City-ге көшіруді ұсынамын, – деді ол.

Тұрғын сұрағына жауап берген қала әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысының Алматыда құрылыстың сейсмикалық тұрақтылығына қатысты талаптарды күшейтуді қолдайтынын хабарлады.

– Біз Бас жоспарда тұрғын үй құрылысының негізгі ережелерін, соның ішінде аз қабатты ғимараттар салу мәселесін талқыладық. Жер сілкінісіне төзімділік мәселелеріне келетін болсақ, біз Алматыда құрылыс үшін арнайы стандарттар мен техникалық шарттар шығаратын Қазақ Құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының (ҚазҚСЗИ) әзірлемелерін пайдаланамыз. Біз қазірдің өзінде ең сейсмикалық белсенді аймақ орналасқан қаланың жоғарғы бөлігінде құрылысты 9 қабатқа дейін шектедік.

Барлық құрылысты Gate City-ге көшіруге келетін болсақ, мәселенің барлық аспектілерін ескеру қажет. Біз G4-ті қарастырамыз және оның өсуіне көмектесеміз. Мен қажет болған жағдайда ақылға қонымды

көп қабатты үйлер салынғанына қарсы емесмін. Қала өсіп келеді, бұл факторды ескермеуге болмайды.

Әрине, экология мәселелері де бар. Кеңе Президент бізді қолдап, жасыл дәліздер деп аталатын мәселе бойынша тапсырма берді. Олар: қала өзендері мен көшелерінің бойын көгалдандыру, көліктің экологиялық түрлеріне көшу. 2025 жылдың соңына дейін қалада дизельмен жүретін бірде-бір автобус болмайды.

Бірақ ең бастысы, егер тиімді экологиялық көлікке көшсек және жылыту маусымында көмір сынды қатты отынның түрлерінен бас тартсақ, алдағы үш жылда жағдайды жақсартамыз деп ойлаймын, – деді Е.Досаев.

«Кемел» шағынауданының тұрғыны №208 маршрут жолын созууды өтінді.

– №208 маршрутты Мәдениет үйінің жанындағы №193 мектепке дейін ұзартуды өтінемін. Ол көшенің соңына дейін жүрсе жақсы болар еді, әйтпесе жол орта-

сынан кері бұрылып кетеді, – деді «Кемел» шағынауданы Сералин көшесінің тұрғыны.

Айтылған сұраққа Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев жауап берді.

– №208 автобус Есімханов көшесімен жүріп, содан кейін Сералин көшесімен бұрылады. Мектепке дейін 450 метр ғана қалады. Одан бөлек, Сералин көшесінде 2 автобус жүреді, яғни көлікке қолжетімділік бар. Егер біз қазір №208 автобусы мектепке дейін ұзартатын болсақ, онда кептелістер басталады, өйткені жол қиылысы кішкентай. Бұл бағытта жылына 2,5 миллион адам тасымалданады. Егер қазір айтылған маршрутты ұзартсақ, басқа тұрғындар шағымданады, – деді ол.

– Көрдіңіз бе, маршрутты ұзартсақ, автобустар арасындағы интервалды сақтау үшін жаңа жылжымалы құрам қосу керек болады. Қазір жолдарды жасап алайық. Сосын шынайы қажеттілік туындаса, маршрутты ұзартумен айналысамыз, – деп толықтырды әкім.



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Жетісу ауданы тұрғындарымен кездесуінде жолдарды жөндеу, қоғамдық көліктің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қаланы абаттандыру сынды өзекті мәселелер көтерілді. Шаһар басшысы тұрғындардың сұрақтарына жеке-жеке жауап беріп, қалалық басқармалар мен аудан әкімшілігіне тиісті тапсырмалар берді.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



**Ауданда
7 МЫҢНАН
астам жұмыс орны құрылды**



**14,5 ШАҚЫРЫМ
сумен қамту және су бұру
желісі реконструкцияланды**



**26 шақырымнан асатын
22 КӨШЕГЕ
орташа жөндеу жүргізілді**



**2 мектепте
875 ОРЫНДЫ
қосымша ғимарат
пайдалануға берілді**



**Скейт-парктер
ұйымдастырылған
2 ЖАҢА
жастар алаңы ашылды**



**«Халық қатысатын бюджет»
жобасы аясында ауданда
23 ЖОБА
іске асырылды**

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІП,
Досбол АТАЖАН.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Алматы алмасының сан ғасырлық тарихы бар. Әр нәрсенің де отаны болады. Әлем ғалымдарының айтуынша, есте жоқ замандардан бері жасап келе жатқан алма ағашы басқа жерлерге о басында қазақ жерінен барған. Оның мұнда, біздің аймақта өсе бастағанына 50 миллион жыл болды. Оны ғалымдарымыздың өздері айтып отыр. Кезінде апорт алмасының салмағы 1 келіге дейін жеткен.

Іле Алатауының баурайында алма бақтарын сақтау және өсіру мәселесі ерекше бақылауға алынуы тиіс. Бұл – Алматы қаласының және бүкіл Қазақстанның игілігі. Қала маңындағы табиғат қорғау аймақтарына түгендеу жүргізу және оларды пайдалану мәселелерінде қатаң тәртіп орнату қажет. Әкімдік қаланы көгалдандыру және аты аңызға айналған Алматы апортын жандандыру жұмыстарын қолға алу керек. Бұл жерде біздің қаламыздың өзіндік символы – атақты ботаникалық бақты қалпына келтіру міндеті тұр.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АЛМАТЫНЫҢ АПОРТЫ

мегаполиске қайта оралсын десек, атқаратын шаруа шаш-етектен...

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Апортты сақтау маңызды

Жалпы, Алматының тарихын жақсы білетін адам оның алмасы жайында айтпай тұра алмайды. Көне заманда Алматының «Алмалы» деп аталғаны да тегін емес. Алматы апортының берідегі тарихы да осы түспен тікелей байланысты.

Кезінде қайран Алматының апорты – «Алмалардың патшасы» атанған еді. Тіпті, оңтүстік астанамыздың символы болған. Оның тостағандай көлеміне, көздің жауын алатындай қызыл-жасылды түріне, тілді үйіретін ерекше дәміне, жан сарайыңды ашатын ғажап иісіне бірде-бір алма сорты тең келмейтін. Бірақ сол әйгілі апорттарымыз қазір қайда?

Бүгінде бұрынғы апортты кездестіру қиын. Көбісі жемісі уақталып, түрі солғын тартып, дәмі мен иісінен түгелдей дерлік айырылған. Кейбір кезде көлемі мен түрі келіп тұрса да, апортқа тән дәмі мен иісі байқала бермейді.

Алмаға аса
көңіл бөлу қажет

Мамандардың айтуынша, мұның барлығы түрлі биотикалық, абиотикалық әсерлердің салдарынан болып отырған көрінеді. Бірақ мұнымен қатар, әлеуметтік себептерді естен шығармаған жөн шығар. Қаланың өсуіне байланысты талай апорт ағаштары оталды. Қаншама бой түзеген әсем талдар жараланған жауынгерлердей қатар-қатар құлап, жер жастанды. Шаруашылықтар мен жеке шаруалардың гектар-гектар алма бақтары да бір күнде бар сәнінен айырылды. Тау бөктерінен котежді соғып жатқан бай-манаптар апорт ағаштарын аяусыз кесті. 70-жылдарғы санақ бойынша, Қазақстанда 4 миллионға жуық түп апорт ағашы болса, оның 80 пайызын құрайтын 3 миллион түп Алматыда өсірілген екен. Бұдан кейінгі санақтар көңілге кірбің ұялатады.

Мәселен, 1984 жылы Қазақстанда 2 млн түп апорт алма болып, Алматыда оның 1 млн-ы өсірілген. Ал бұдан соңғы мәліметтер, тіпті майдаланып кеткен.



Қайткенде де, апорт алмаға аса көңіл бөлу қажет. Қашанғы Қытайдың көк алмасына қанағат қылмақпыз?

Апорттың жаңа «өсімдігін»
алған жөн

«Қолда бар көшеттерді отырғызғанмен, онымен сорт бұрынғы қалпына келмейді. Себебі, қазіргі қолда бары апорттың аз түрі ғана. Оны қайта жаңғырту үшін вирус ауруынан айықтырып, биотехнология жетістіктерін қолданып, апорттың жаңа өскінін алу керек. Ол үшін ғылыми-практикалық қыруар жұмыс жасау қажет, барлық мәселе қаражатқа тіреледі. Арнайы отырғызған апорт бағына келсек, жағдайы мүшкіл. Отырғызылған ағаштарды ұрлау жәйттері орын алды, өйткені, жергілікті халық бакта нағыз апорт өсірілетінін біліп қалса керек. Біз енді қолда бар алқызыл, алтын апортты құртып, жоғалтып алмаудың жайын ойластырсақ дейміз. Мемлекеттік тиісті органдар бұдан былай қалыптасқан жағдайға назар аударар, апорттың жойылуына жол берген адамдарды тәртіпке шақырар, жауапқа тартар, сөйтіп, мәселеге қозғау салар деген ойдамыз. Алайда, осы маңызы

жоғары жұмыстарға қолдау көрсетуді артық санайтын шенеуніктердің қылығына қынжылады екенсің. Сондықтан біз қолға алған апортты жаңғырту бағдарламасына мемлекеттік мәртебе берген абзал болар еді», – дейді биология ғылымының докторы Мағжан Иса.

Қаланы алма бағына
айналдыру керек

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауыл шаруашылығына байланысты мәжілісте апорт проблемасы жиі көтерілетін. Бірақ «тар жол, тайғақ кешу» заманы басталды да, апорттың мәселесі тағы да сиырқұйымшақтанып кетті. 2004 жылы бұл мәселе қайта көтерілді. Қазір қаланың кейбір зейнеткерлерімен Алматының апортты туралы әңгімелесе қалсаңыз, тіпті олар көзіне жас алады... Дегенмен де, түпкілікті қолға алсақ, алдағы уақытта Алматының мақтанышына айналған апорт қайта жанданады деген ойдамыз.

Бұрындары үлкендер: «Алматыға жақындағанда алманың иісі шығып тұрушы еді», – деп айтып отыратын. Алманың отанында тұрсақ та, мұны Қытайдан тонналап алып келетін болдық. Дегенмен, Мемлекет басшысы кейінгі уақытта өз сөзінде қаланы қайта алма бағына айналдыруды айтып қалып жүр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыны дамыту жөніндегі кеңес аясында алма бақтарын сақтау мәселесін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Қытайдың көк алмасын
тұтына береміз бе?

Қазір көк базарды шарласаң, көк алмалар көзге ұрады. Қытайдан тасылған алмаларды «қай жақтікі?» деп сұрасаң, саудагерлер міз бақтастан «Талғардікі» деп тұрады. Мұнда алушылар көбеймесе, ешқашан азайған емес.

Дегенмен, адам ағзасының нашарлап, шамадан тыс семіруі қант диабеті мен әйелдердің бала көтере алмауы секілді қатерлі аурулардың азық-түлік сапасыздығынан да болатынын мамандар әлдеқашан дәлелдеген. Қытайдан келген өнімдер Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан жеткізілген жемістердей тез бұзылып немесе шіріп кетпейді, құрт та жемейді. Себебі, оларды қытайлар (ғалымдардың айтуынша) мөлшерден тыс биокосындылармен булайтын көрінеді. Бәзбір сауда алпауыттары үшін шамадан тыс биокоспалар ендірілген қытай жемістерінің жоғарыда айтылған ауруларды қоздырғыш күшке айналғанын мойындау мүлде тиімсіз.

ТҮЙІН

Қорыта айтқанда, Алматының апорты мегаполиске қайта оралсын десек, атқаратын шаруа шаш-етектен. Ол үшін, ең бастысы, туған жерімізде өскен әрбір тал ағашты мәпелеу, қорғау әрқайсымыздың міндетімізге айналуға тиіс. Байлығымыздан айырылмай, барымызды бағалай білейік!





АБЗАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ

Ұлы даланы мекендеген қазақ – сан ғасырдан бері ислам дінінің мәңгілік мұраларына, шариғат қағидаларына қанығып келген мұсылман халық. Ақиқат діннің талаптарын өлеңмен өріп, жас ұрпақ тәрбиесінде молынан қолданып келген сөзге шебер жүрт. Сондықтан болар, сөз қадірін жақсы білген момын елдің рухани қоймасы ата дінімізді әспеттеген небір даналық ойларға толы. Бір ауыз аталы сөз айтылса, «пәһ, шіркін!» деп, теңізден маржан тергендей бір жасап қалған өрелі қазақтың діні мен тілі құстың қос қанатындай қатар қағылып, дамып келген. Осы ретте белгілі дінтанушы Асылбек Әуезханұлының «Даналық ойдан дән ізде» кітабы өзінің жан-дүниесін рухани байлықпен байланыстыратын оқырман үшін абзалдық әліппесі болары хақ.

Асылбек ӘУЕЗХАНҰЛЫ,
филология ғылымының кандидаты:

«ДАНАЛЫҚ ОЙДАН ДӘН ІЗДЕ...»



Кезінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы мен Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мүфти болған Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің алғысөзімен шығарылған бұл кітаптың «Даналық ойдан дән ізде» деп аталуы тегін емес. Ғалым жазғандай, бұл тағылымды туындыда қоғамда, мұсылман өмірінде кездесетін сан қилы жағдайларға негізделген алуан түрлі тақырыптар қозғалып, оларға тереңнен талдау жасалған. Әр оқиға түйіні қазіргі тіршілігімізбен байланыстырылған. Автор қазақ даласының даналары мен ойшылдарының еңбектерін жаңа қырынан талдап, хикметке толы ойларын қасиетті Құран мен ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерімен қуаттайды. Діннің асыл негіздерімен қоса, отбасы жайында әңгіме қозғап, ошақ қасының құндылықтарын танытады. Абай атамyzдың рухани мұрасын – «Адамды сүй, Алланың хикметін сез», «Алла деген сөз жеңіл», «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деген секілді даналық ойларын Ислам ғұламаларының діни тұжырымдарымен үндестікте сипаттап, елді имандылыққа, ақыл-парасат пен адамгершілікке үндейді. Осы арқылы жас ұрпақ санасына сан ғасырдан бері Ислам дінін ұстанған мұсылман қазақ жұртының терең тәлім-тағалымы сіңіріледі. Біз газетіміздің бүгінгі санынан бастап ұрпақ үшін тағылым болар деген ниетпен «Қала және иман» айдары аясында осы кітаптан қысқаша үзіктер беріп отыратын боламыз.

«Адамды сүй, Алланың хикметін сез»

Данышпан Абай атамyz өлеңдерінің бірінде: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде одан басқа?!» деп толғаған. Байқасақ, заңғар ойшыл атап отырған бұл екі істің арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан адамды, ең алдымен, Алланың мың сан хикметінің айқын айғағы болғаны үшін жақсы көрүміз керек.

Кемеңгер атамyzдың өлеңіндегі «махаббатпен жаратқан адамзатты» деген жолдар адам баласының тула бойы хикметке толы дегенді білдірмей ме? Жаратушы иеміз қасиетті Құранда: «Анығында, адам баласын ардақты еттік» («Исра» сүресі, 70-аят) деген аят келтірген. Ендеше, ұлы Алла Тағала осыншалықты әспеттеп жаратқан адамды сүюдің өзі даналықтың бір белгісіндей.

Адамнан өзге жаратылыстарда да Алланың хикметтері өте мол. Мәселен, кіп-кішкентай

«Талапкерлердің көбі заңгер болсам, экономист болсам, әкімшілік жүйеде қызмет етсем, оңай жолмен ақша табудың оқуына түссем деген армандарын жасырмайды. Бүкіл қазақ осы салаларға кетіп қалса, ғылыммен кім айналысады, жаңа заманауи технологияларды кім жасап шығарады?»

құмырскадан бастап, алып галактикаларға дейінгі жаратылыстарға бір сәт ой жүгіртіп көрейікші. Осыншалықты алып сарайдағы барша тіршілік иелері бір кісінің баласындай ұйымдасқан, ымыраласқан түрде өз міндеттерін атқаруда. Олардың қай-қайсына назар аударсақ та, сөзсіз Алла Тағаланың құдіретіне таңқалармыз хақ. Бір ағаштың кіп-кішкентай дәннен өсіп шығуынан бастап, оның бұтақ салуы, жапырақ жаюы, жеміс беруі Алланың шеберлігін паш етіп тұрған шындықтар. Хайуанаттар әлемінен де Жаратушы иеміздің ғажап кереметтерін аңғаруға болады. Олардың сыртқы тұлғасындағы бірі-біріне ұқсамайтын үйлесімді сұлулықтары бір бөлек, әрқайсысының күнделікті қажеттіліктері, көрегі қандай шеберлікпен жеткізіліп отыр?! Сондай-ақ, қасқыр секілді жыртқыш аңдар болмағанда, жер бетін әлсіз, аурушаң малдардың өлексесі қаптап кетер еді. Осындай табиғи тазалықшыларды жаратқан кім? Тіршіліктегі, міне, осылар секілді теңдессіз жүйеге бағынып тұрған ұлы үйлесімді Алланың хикметі дейміз. Алла дүниеде ешбір нәрсені бекер жаратпаған. Адам баласы өз жаратылысына қарап-ақ Алланың ұлы хикметтерін көре алады. Себебі адам бүкіл жаратылыстың шағын бір макеті іспеттес. Оның көзі бір әлем, құлағы бір әлем, бауыр, бүйрек, өкпесі өзінше бір-бір әлем. Олар да ынтымақтаса отырып өз міндеттерін атқаруда. Мысалы, адам денесінің бір мүшесі жарақаттанса, сол жерге зиянды микротар жиналады. Сөйтіп, бүкіл денеге қауіп төнеді. Сол кезде адамның клеткалары жиналып, әлгі қауіпті жердің айналасына берік қамал тұрғызады. Тосқауылға жолыққан микротар тұрған жерінен жылжи алмай, қарақошқылданып, жараға айналып, ақыры денеден аластатылады. Ағза-



дағы осындай тас-түйін бірлік те Алланың анық хикметі емес пе? Кісіге берілген осы секілді көптеген сырлы сыйларға қарап Алланың құдіретіне бас иеміз. Сөйтіп, Алланың жаратқаны ғой деп адамды сүйеміз...

Абай атамyzдың «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде одан басқа?!» деген даналығында, кем дегенде, осындай астар жатқаны анық.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»

Абай хакімнің «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз еш уақытта жалған болмас» деген нақылы барша қазаққа таныс. Абай атамyz бұл өлеңінде Аллаға және оның қасиетті кәлемына, яғни Құранға иман келтіру жайлы тоқсан ауыз сөзді тобықтай етіп жеткізген. Сондықтан Құран жайлы, мұсылман адамдардың онымен қарым-қатынасы қандай болуы керектігі жайлы ойларымызды бөліспекпіз.

Құран – белгілі бір дәуірге немесе белгілі бір қауымға ғана жіберілген мазмұны шектеулі кітап емес. Ол – құллі адамзаттың игілігі үшін түсірілген ең ақырғы иләһи кітап. Ол барлық нәрседен хабардар, білімі шексіз Жаратушы иеміздің сөзі. Мұсылман ғұламалары Ғалам, Адам және Құранның арасында өте тығыз байланыстың барын айтады. Барша әлем мен адамның жаратылысындағы ақиқаттар Құранда түп-түгел қамтылған. Ғаламдар мен адамзат сырларын аңғарғымыз келсе, қасиетті Құранға үңілуіміз керек. Құранның тереңдігін осы тұрғыдан бағамдауымыз ләзім.

Құран – адамның тек руханиятына ғана емес, материалдық өміріне де теңдессіз пайда келтіретін кітап. Бірақ бүгінде Құранның пайдасын мұсылман елдеріне қарағанда батыс елдері көбірек көріп отырған секілді. Себебі, орта ғасырларда батыс қоғамы мұсылман ғұламаларының Құраннан буырқанып шығып жатқан ғылыми жетістіктерін жан-жақты зерттеді. Мұсылмандар жазған еңбектерді университеттеріне сан ғасыр бойы оқулық етіп енгізді. Ислам теңізінің түбінде жатқан інжу-маржандарды теріп алып, өмірде жүзеге асырды. Көп оқыды. Аз ұйықтады. Сөйтіп, бүгінгі деңгейге жетті. Әрине, Құранды толық мойындап, оған иман келтірмегендіктен техникалық жақтан қарыштап дамығанмен, рухани жағынан құлдырап, азғындай берді. Мұны бүгінде көзіміз көріп отыр. Міне, бұл бізге өмірлік сабақ болуы тиіс...

Бір өкініштісі, бүгінгі таңда ғылымға ден қойып, жаратылыс сыры мен хикметтерін зерттесем дейтін жастар тым аз. Талапкерлердің көбі заңгер болсам, экономист болсам, әкімшілік жүйеде қызмет етсем, оңай жолмен ақша табудың оқуына түссем деген армандарын жасырмайды. Бүкіл қазақ осы салаларға кетіп қалса, ғылыммен кім айналысады, жаңа заманауи технологияларды кім жасап шығарады? Бұл жайлы бас қатырып отырғандар көп емес. Қазіргі таңда еліміз жүрегінде иманы бар, Құран тілін түсіне алатын, заманауи ғылымдарды да терең меңгерген ғалымдарға аса мұқтаж. Білгенін өмірде іске асыратын, құрғақ теорияның емес, нәтижелі істің адамдары халқымызға ауадай, судай қажет. Сонда ғана ғылымы дамыған өркениетті елдермен тереземіз теңеседі. Барша жаратылыстың кілті Құранды ұстанған мұсылман бола тұрып, өзгеге телміріп, кереметімізді айдаладағы біреулерден алып отырғанымыз түсінгенге нағыз қасірет.

(Жалғасы бар).

БАБАЛАР СӨЗІ –
ТӘРБИЕ КӨЗІ

Адамды аздыратын бес арам әдет

1. Еңбексіз тапқан нан.
2. Некесіз жатқан жан.
3. Темекіге тәуелділік.
4. Араққа әуестік.
5. Құмар ойындарға үйірлік.

Жаныңды жадырататын бес адал әдет

1. Байлардың салауаты.
2. Кедейлердің қанағаты.
3. Үлкендердің ұлағаты.
4. Жастардың инабаты.
5. Азаматтың ар-ұяты.

Тек кетпейтін бес ақиқат

1. Ата-ананың теріс дұғасы.
2. Мүсәпірдің дұғасы.
3. Аш адамның ашынған дұғасы.
4. Жесірдің наласы.
5. Жетімнің көз жасы.

Ұмытуға болмайтын бес анық

1. Алланы ұмытпа.
2. Ата-ананы ұмытпа.
3. Алдыңа ас келгенде қанағатты ұмытпа.
4. Басыңа бақ қонғанда жамағатты ұмытпа.
5. Қарызыңды уақытылы қайтаруды ұмытпа.

Имандылық- тың бес тыйымы

1. Құдайы деп берген садақанды ұмыт.
2. Біреуге істеген жақсылығыңды ұмыт.
3. Аманатқа қиянат жасама.
4. Қадіріңді білмейтін адамдардан аулақ бол!
5. Жаныңда жүріп, жүрекке кіріп, өтірік күліп, сырыңды біліп, ішінді тіліп кететіндерден сақтан.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»

қоғамдық қоры халық игілігі үшін отандастарымыздың нақты мәселелерін шешуге бағытталған

Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасын бірден іліп әкеткен тиісті сала өкілдері қоғам, үкіметтік емес ұйымдар және министрліктердің қызметкерлерімен фасилитативтік сессиялар мен талқылаулар өткізіп, көп ұзамай «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылып, тұжырымдамасы да бекітілген болатын. Тұжырымдама шеңберінде қор қызметінің негізгі бағыттары мен қорға түсетін қаражат есебінен басым қолдау көрсетілетін халықтың негізгі санаттары нақтыланды.

Ең өзекті әрі шұғыл мәселелер назарда

Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен және сарапшылармен талқылаудан кейін қор барлық жобаны екі бағытқа – «Атаулы көмек» пен «Даму бағдарламалары» деп бөлуге шешім қабылдады. Қор бірінші кезекте еліміздің ең әлсіз және қорғансыз азаматтарына көмектеседі. Әрине, қор қазақстандықтардың барлық мәселесін физикалық тұрғыдан бірден шеше алмайды. Сондықтан кімнің бірінші өтініш бергеніне байланысты емес, алдымен ең өзекті әрі шұғыл мәселелер назарға алынады.

Енді «Атаулы көмек» бағытына аз-кем тоқталайық. Тұжырымдамаға сәйкес, халықтың қордан бірінші кезекте көмек алатын санаттарына: ауыр, сирек кездесетін аурулары мен мүгедектігі бар балалар; қиын жағдайдағы балалар; жетімдер; болашақта аурулар мен мүгедектіктің даму қаупі бар нәрестелер; өмір сүру жағдайлары ең төменгі табыс пен тұрғын үй стандарттарына сәйкес келмей, өміріне қауіп төнетін балалары бар отбасылар; еліміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау немесе адамдардың өмірін құтқару кезінде қаза тапқан немесе ауыр жарақат алған құқық қорғау органдары, арнайы органдар, ҰҚК қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасылары; сирек кездесетін аурулары бар ересектер; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде зардап шеккендер жатқызылған.

Ал қордың жұмыс бағыттары болып саналатын «Даму бағдарламаларының» бағыттары: балаларға арналған спорттық және білім беру инфрақұрылымын, сондай-ақ басқа да әлеуметтік маңызды қызметтерді дамытуға және қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу; мүгедек, ауру немесе әлеуметтік бейімделу проблемасы бар баланы асырап алған, қамқоршылық немесе патронаттық тәрбиеге алынған отбасыларға көмек; өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету үшін білім беру орындарымен өзара әрекеттесу; болашақта балалардың аурулары мен мүгедектігінің ықтимал дамуын болдырмау үшін нәрестелерге медициналық қызмет көрсетуді дамытуға және қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу; жетім балалардың бейімделуіне көмек көрсету; мүгедектердің (балалар мен ересектердің) әлеуметтік дағдыларды меңгеруіне және спорттық протездер мен жабдықтарды пайдалануға бейімделуіне жәрдемдесу; дарынды балалардың дамуына ықпал ету; медициналық тәжірибені локализациялау; қолжетімді медицина; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға жәрдемдесу.

Міне, қоғамдық қордың немен айналысатыны, яғни бағыты айқын.

Аса қымбат тұратын дәрілерге қол жетті

Биылғы қаңтар айының ортасына таман Қарағанды және Павлодар облыстарында тұратын, сирек кездесетін нейрофиброматоз диагнозы қойылған екі науқас балаға аса қымбат тұратын «Селуметиниб» (Коселуго) дәрісі сатып алынды. «Қазақстан халқына» қоры жалпы сомасы 220 млн 644 мың теңгеге дәрінің 36 қаптамасын алып берген.

«Селуметиниб» дәрісі 3 жастан асқан нейрофиброматозы бар балалардағы симптоматикалық, ота жасауға келмейтін плексиформды нейрофибромаларды емдеу үшін монотерапия ретінде қолданылады. Нейрофиброматоз – теріде, жұмсақ тіндерде, жүйке жүйесінде және ішкі ағзаларда қатерсіз ісіктердің пайда болуымен сипатталатын тұқым қуалайтын ауру. Қол жетпестей болған «Селуметинибке» ие болған 10 жасар Валерий Деминге бұл диагноз 3,5 жыл бұрын, 1-сыныпқа барған кезінде қойылған екен. Өскенде ветеринар болғысы келетін, жан-жануарларды жақсы көретін ол таблеткаларды қабылдап жүр. Әрине, ата-анасы жақсы күндерден үмітті.

Осы орайда айта кетсек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры өткен жылдан бастап ауыр және сирек сырқаты бар 131 емделушіге (оның ішінде 100-і бала) 15,5 млрд теңгеден астам қаражатқа қымбат дәрі-дәрмек сатып



алды. Оның ішінде онкологиялық ауруы бар 24 адам жалпы сомасы 2 млрд 271 млн теңгеге «Китруда», «Лорбена», «Алунбриг», «Рибоциклиб», «Атезолизумаб», «Ленвима», «Кискали», «Карзиба» препараттарымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, «Қоселуго» дәрісі бойынша шарт жасалып, 3 балаға жеткізілген.

Мысалы, 2 млрд теңгеге нейробластома диагнозы қойылған 13 балаға «Динутуксимаб бета» («Карзиба») дәрісі алынды. Оның ішінде өңірлерден 9 бала Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында және Астана қаласында «University Medical Center» корпоративтік қорының онкология бөлімінде 4 бала таргеттік иммунотерапия алады.

«Қазақстан халқына» қорының Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, қор басқармасы жанындағы Орфандық аурулар жөніндегі сарапшылық комитетінің жетекшісі Бақыт БАЙҒАЛИЕВА:

– «Қазақстан халқына» қорының арқасында орфандық сырқаттары бар науқастар үшін қымбат дәрілерді сатып алуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибе негізінде таргеттік препараттармен емдеудің жаңа әдістерін қолдану бойынша жобалар іске асырылуда. Олардың ішінде нейробластомаға шалдыққан науқастар бар. Сондықтан біз емделушілерді бақылап, өздерімен, олардың ата-аналарымен және дәрігерлерімен кездесіп, жағдайын, емдеу барысын біліп, терапияның тиімділігін бағалаймыз. Басталған ем шипа болып, аурудың беті бері қарайды деген үміттеміз, – дейді.

«Қазақстан халқына» қоры ауыр және орфандық сырқаты бар емделушілерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету мақсатында биылғы қаңтарда еліміздің 13 өңіріне, оның ішінде Алматы қаласы да бар, «Лумива®», «Лумива Педиатрико®», «Трилекс®» дәрілік заттарын жеткізуді бастады.

«Тұсаукесер»

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры өңірлерде жарақтандырылған қайырымдылық спорт залдарына 2 мыңға жуық бала тегін барып жүр.

Қордың спорт саласындағы мәселелерге де назар аударуына халықпен өткізілген онлайн-конференциялар мен көшпелі «дөңгелек үстелдер» барысында айтылған ұсыныс-тілектер себепкер болған. Бүгінде қор төрт қайырымдылық жобасын іске асыруда. Олар – ауылдардағы спорт залдарды жарақтандыру; мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру клубтарын жарақтандыру; пара-хоккейден Қазақстанның жалғыз құрама-сын спорттық жабдықтармен қамтамасыз ету және паратлеттерге протездер дайындау жобасы.

Қор көмегімен жабдықталған 23 залда ауылдардан және жақын маңдағы ауылдардан аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 5–18 жас аралығындағы 1750 бала бокспен, күреспен, дзюдомен және басқа да спорт түрлерімен тұрақты түрде айналысуға мүмкіндік алды. Спорт залдарға күрес кілемдері мен қаптар, еден жабындары, жаттығу манекендері, сондай-ақ гантельдер, киім-кешек, бокс қолғаптары мен шлемдер, арқандар, спорттық жинақтар да қор есебінен сатып алынған. Осы залдарды ашуға қор тарапынан 183,6 млн теңге бөлінген.

Денсаулығында кінәраты бар балаларға арналған залдардың бірі қордың серіктесі «Жас жауынгер» ұйымының мұрындық болуымен Алматы қаласында да ашылған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға арналған «Тұсаукесер» жобасы да сәтті жұмыс істеп тұр. Еліміздің 5 өңірінде ерекше балаларға арналған 5 дене шынықтыру-сауықтыру үйірмесі бар. Үйірмелердің арқасында балалар алғаш рет аяғынан тұрып, қазір спорт-

«Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Мемлекет аз нәрсе тындырып жатқан жоқ. Республикалық бюджеттің 50 пайыздан астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі. «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

● «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

■ Қор жұмысын бастаған алғашқы айда рекордтық 30 мыңға жуық өтінім келіп түскен екен. Күн сайын қызметкерлерге мыңдаған өтінішті өңдеуге тура келген. Бүгінде қорға ай сайын 800–1000 өтінім түседі.

■ Қазіргі таңда қор 17 қайырымдылық бағдарламасы мен жобасын жүзеге асыруда.

■ Қор әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша 9 бағдарламамен жұмыс істеуде.

■ Былтырғы қыркүйек айында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 2 мыңға жуық талапкер мен студент «Қазақстан халқына» қорының грант иегерлері атанды.

■ Бүгінгі таңда қорға еліміздегі ірі компаниялардан, жеке қайырымдылық қорлары мен ұйымдардан, меценаттар мен жеке тұлғалардан қаражат түсіп тұрады.

пен айналысуды жалғастыруда. Осылайша өмірлерінде жаңа кезеңді бастаған балаларға клубта «Тұсаукесер» рәсімі өткізіледі. 5 үйірмені жарақтандыруға қор тарапынан 37 494 066 теңге бөлінген.

Әлемдік тәжірибе артық болмайды

«Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры отандық мамандарды шетелде оқыту жобасын қолдап отыр. Нақтырақ айтсақ, қор отандық медицинаға жаңа технологияларды, оның ішінде медициналық көмектің жоғары технологиялық әдістерін, шетелдік мамандардың тәжірибесін және елдегі медициналық көмектің деңгейін арттыру үшін үздік тәжірибелерді енгізу мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен медициналық ұйымдардың өтініштері негізінде медициналық мамандарды шетелдерге оқуға жіберу және шеберлік сыныптарын ұйымдастыру үшін қаржылық көмек көрсетеді. Осы жоба аясында ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп оқытудың мынадай бағыттары айқындалған: ана мен баланың денсаулығын сақтау; онкологиялық аурулар кезінде медициналық көмек көрсету, оның ішінде сәулелік терапия; трансплантология және трансплантациядан кейінгі күтім; реконструктивті медицина; нейрохирургия; медициналық генетика; ультранық диагностика; денсаулық сақтау мамандары үшін қажетті басқа да өзекті бағыттар. Бұл ретте шетелдік оқуға жіберілетін мамандармен шарт жасасу кезінде мемлекеттік медициналық ұйымдарда оқытылатын мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеу міндетті.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



БАУЫРЛАС ЕЛГЕ КӨМЕК

БАТЫЛ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІ ӘРЕКЕТ

Қазақстандық құтқарушылардың кәсіби шеберлігін түрік әріптестері мен қарапайым азаматтар жоғары бағалады

Мемлекет басшысының Жарлығымен қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы, сондай-ақ Түркия Республикасындағы және Сирия Араб Республикасындағы төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін бір топ құтқарушы II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Құрмет» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, 112 адамға, оның ішінде құтқарушыларға, медицина қызметкерлеріне, кинологтар мен авиация мамандарына Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

ТАБИҒИ АПАТ: БІЛІКТІ КӨМЕК

Орталық коммуникациялар қызметінде Төтенше жағдайлар жөніндегі бірінші вице-министр И.Д.Күлшімбаевтың қатысуымен Түркиядағы табиғи апат аймағында ҚР ТЖМ құтқарушыларының іздестіру-құтқару жұмыстары туралы брифинг өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 7 ақпанда құтқару бөлімшелерінің күштері мен құралдары, оның ішінде Қазақстан ТЖМ құтқарушылары, Апаттар медицинасы орталығының дәрігерлері және кинологиялық есептоптар алғашқылардың бірі болып екі ешелонмен жолға шығып, ең күрделі қираған объектілерде іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге кірісті.

Мекеменің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазақстандық құтқарушылар тобын ТЖ бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев басқарды. Түркиядағы іздестіру-құтқару жұмыстарына Астана және Алматы қалаларынан, Ақмола және Қарағанды облыстарынан құтқарушылар қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, Түркияның үш өңірінде іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу басталғаннан бері Қазақстан ТЖМ құтқарушыларының күшімен 7 адам құтқарылды. Қазіргі таңда 88 адамның, оның ішінде 10 баланың денесі шығарылды. Құтқарушылар қолмен, сондай-ақ инженерлік техниканы, апаттық-құтқару жабдықтарын, шанц аспаптарын тарта отырып, 252 мың текше метрден астам үйінділерді бөлшектеді.

Сондай-ақ, жоғары білікті және дағдылары бар Апаттар медицинасы орталығының дәрігерлері Түркия Республикасында жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккендерге тәулік бойы білікті медициналық және психологиялық жағынан көмектесті. Олар 200-ден астам жергілікті тұрғындар мен құтқарушыларға, оның ішінде 30-ға жуық балаға медициналық көмек көрсетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша табиғи апат аймағына 55 тонна көлемінде гуманитарлық көмек жеткізілді. Гуманитарлық көмекті тиеумен ТЖМ әскери қызметшілері айналысты. Сонымен қатар, ТЖМ атынан ардагерлер кеңесінің көмегімен зардап шеккендерге көмек көрсету үшін 10 киіз үй жіберілді.

ҚАУІПТІ АЙМАҚ: ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАРБАЛАС

Іздестіру-құтқару және апаттық-құтқару жұмыстары үздіксіз, тұрақты афтершок кезінде, онсыз да тұрақты емес конструкциялардың қайта құлауының тұрақты қаупі кезінде жүргізілді. Сонымен қатар, жұмыс қаза тапқандардың көптігімен және ТЖ аймағында олардың туыстары мен жақындарының болуымен байланысты жоғары психологиялық жүктеме жағдайында жүргізілді. Барлық іздестіру-құтқару жұмыстарында қолда бар барлық озық әдістемелер мен технологиялар – зардап шеккендерді техникалық іздеу аспаптары, заманауи құтқару жабдықтары мен инженерлік техника қолданылды. Алға қойылған тапсырмалар мен міндеттер қауіпсіздік техникасын бұзбай, толық көлемде орындалды. Төтеншелік құтқарушылар апат аймағында кәсіби, батыл және нәтижелі әрекет етті. Құтқару жұмыстары тәулік бойы жүргізілді.

«Түркия Республикасының AFAD жер сілкінісі салдарын жою дағдарыс орталығымен және Қазақстан Республикасының Түр-

кия Республикасындағы Елшілігімен келісім бойынша 17 ақпанда барлық нысандарда Қазақстан Республикасы ТЖМ күштерімен іздестіру-құтқару жұмыстары аяқталды», – деді И.Күлшімбаев.

Қазақстандық ТЖМ тобына Газиантеп қаласының Ибраһими ауданындағы екі нысан (толығымен қираған екі тоғыз қабатты үй, жеті қабатты үй, жартылай қираған алты қабатты үй), Нұрдағы және Хатай қалаларындағы (толығымен қираған екі алты қабатты үй) бекітілді. Қазақстандық құтқарушыларға Түркия Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттер қатарынан еріктілер көмектескен. Барлығы 10-ға жуық волонтер-аудармашы көмекке келген. ТЖМ өкілі қазақстандық кинологиялық топтар іздестіру-құтқару жұмыстарында жақсы нәтижелер көрсетіп, үйінділер астында қалған адамдарды іздеу кезінде өздерінің жоғары біліктілігін растағанын айтты.

салған түрік ағайындарға болысу үшін еліміздің құтқарушылары зор құлшыныспен аттанған болатын. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі республикалық жедел-құтқару жасағының басшысы Владимир Цой өзінің жауынгерлерімен бірге тірі қалғандарды іздестіру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданғандарын баяндап берді.

Түркияның зілзаладан зардап шеккен қалаларының тұрғындарына көмектесу үшін Алматыдан барлығы 33 адам және Апаттар медицинасы орталығының 5 маманы аттанды. Түркияға барғаннан кейін қазақстандық құтқарушылар Газиантеп қаласына жеткізіліп, қираған ғимараттарды көрді.

Алматылық құтқарушылар түрік координаторларынан ең ауыр нысанды көрсетуді өтінген. Сол жерге 10 адам жіберілді.

«Толығымен қираған үш қабатты ғимарат болды. Байқап қарасақ, оған жақын тұрған үйдің де қирау қаупі бар екен. Нысанды ал-

лыптасқан. Біз жыл сайын полигонда оқу-жаттығу жиындарын, түрлі жарыстар өткіземіз. Сақтықта қорлық жоқ. Бұл дайындық Түркияда өте пайдалы болды», – деп жалғастырды Владимир Цой.

ТӨЗІМДІЛІК СЫНҒА ТҮСТІ

Алғашқы күндері қазақстандық құтқарушылар іс жүзінде демалыссыз, 16 сағаттық ауысыммен жұмыс істеді. Нысандардан бір минутқа да кете алмады. Оның үстіне, ауа температурасы түнде -7 градусқа дейін төмендеді. Құтқарушыларға Қазақстанның Түркиядағы елшілігі мен еріктілер қолдау көрсетті. Құтқарушыларымыз елге оралғаннан кейін де түрік әріптестері алматылық құтқарушыларды ұмытқан жоқ. Күні кеше олар Владимир Цойға хабарласып, құтқарушыларын оқытуға көмектесуін өтінді. Олар 30 құтқарушысын Алматыға оқуға жіберуге дайын.

Алматылық құтқарушылар Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге жылыну пункттерін ұйымдастырып, жер сілкінісінен зардап шеккен 300-ден астам адамға көмек көрсетті. «Біздің дәрігерлер алғашқы медициналық көмек көрсетті. Елестетіп көріңізші, адамдар тәулік бойы суықта, оттың жанында кішкентай балалар болды. Мен оларға сыртынан қарап тұрып сүйсіндім, олар сондай төзімділік пен батылдық танытты», – деді Владимир Цой.

Ол 6 жасар ұлын денесімен жауып, құтқармақ болған ер адамның оқиғасын айтып берді. Бала аман қалуы мүмкін еді, бірақ оның жолы болмады, шкафтың бұрышы баланың басын тесіп кеткен. Бүкіл отбасын шығаруға тура келді. «Маған бір әйел келіп, телефонынан 2,5 жасар қыздың суретін көрсетті. Қызын тауып беруімізді өтінді. Оның аянышты күйіне қарау өте қиын болды. Біз қызды таптық, бірақ одан артық ешқандай көмек көрсете алмадық...», – дейді құтқарушы.

Құтқару бөлімшесінің басшысы Бауыржан Арыстанбаев та дүмпулердің жұмысқа кедергі болғанын айтып, естеліктерімен бөлісті.

«Ең қиыны, тұтастай отбасыларды қирандылардан шығару болды. Аман қалғандардың жолы болды, олар ашық қалған жерлерден шығарылды, бірақ ондай жерлер өте аз болды. Ең қауіпсіз орындар ғимараттардың тіректері», – деді Бауыржан Арыстанбаев.

Алматыдан Түркияға қызметтік итері бар үш топ жіберілді. Құтқарушыларға барлығы 3 қызметтік ит көмектесті, олар әуел бастан тірі адамды іздеуге үйретілген. Мәйіптерді іздеуді иттер сол жерде, Түркияда үйренді. Кәсіби құтқарушы иттердің арасында Малинуа тұқымынан шыққан Джейкоб атты бельгиялық овчаркасы болды. Оның иесі – кинологиялық бөлімнің бас құтқарушы маманы Ерік Берлібеков әртүрлі жағдайда жұмыс істеуге тура келгенін айтты. «Ит 20 минут жұмыс істеп, 10 минут демалды. Олар учаскені секторларға бөлді. Бірде барлық иістер, оның ішінде азық-түлік, тұрмыстық химияның иісі де араласып кеткен аумаққа тап болдық. Біз тазалап жүріп, итті кіргіздік. Ол шеңбер жасап, тапқан орнын өзінің үруімен білдірді. Құтқарылғандарды осылай таптық», – деп толықтырды Ерік Берлібеков.

Жедел-құтқару жасағының арасындағы ең жас құтқарушы Серғазы Әбдіқадыр алғаш рет шетелге іссапарға шығыпты. Түркияда ол құтқару жұмыстарының видеосын түсіріп, оны өзінің жеке парақшасында жариялаған. Осы арқылы ол жігіттердің жұмысын көрсеткісі келген, бірақ оның суреттері танымал болады деп ойламапты. Ол өзін батыр санамайды, бірақ адамдарды құтқаруды ортақ еңбек деп білетінін айтты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЕҢ ҚАУІПСІЗ АУДАН

Төтенше жағдайлар жөніндегі бірінші вице-министр Ибрагим Күлшімбаев Алматыдағы ықтимал жер сілкінісі кезіндегі ең қауіпсіз ауданды атады.

«Алматы – республикамыздың сейсмикалық қауіпті аймақтарының бірі. Қала тектоникалық плиталардың 27 қауіпті жарылу аймағында орналасқан. Олардың негізгілері – қаланың таулы аймақтары. Барынша қауіпсіз – Түркісіб ауданы, қалғандарының бәрі – Медеу, Бостандық аудандары опырылу орындарында орналасқан, сондықтан қауіп жоғары», – деді спикер. Оның болжамы бойынша, 9 және одан да көп балдық жер сілкінісі болған жағдайда Алматыдағы тұрғын үйлердің 30 пайызы зардап шегуі мүмкін. «Болжам бойынша, 9 балл және одан жоғары жойқын жер сілкінісі болған жағдайда тұрғын үйлердің 30 пайызына дейін қирауы мүмкін. Тиісінше, шығын көлемін де есептеу қажет», – деді Ибрагим Күлшімбаев.

АЛМАТЫЛЫҚТАР КӘСІБИЛІГІМЕН ЕРЛЕДІ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында зілзаладан зардап шеккен Түркияға көмектесуге барған құтқарушылардың қатысуымен алғашқы баспасөз мәслихаты өтті.

Бауырлас елде тосыннан болған табиғи апаттың салдары қаншама адамның басына зілдей қайғы әкелді. Үйіндінің астында қалған адамдарды аман алып қалуға барын

ғашқы тексеру кезінде құтқарушылар бір әйелді тапты, оны шығару үшін түні бойы жұмыс істеді. Ғимараттың басылып қалғаны сонша, бетон төбесі мен еденнің арасы 30 сантиметр ғана, қиын жағдайда жұмыс істеуге тура келді», – дейді Владимир Цой.

Танертең құтқарушылар тағы бір мәйітті тапқан. Ол – бір күн бұрын табылған әйелдің қызы еді... Осы жерден барлығы 5 мәйіт табылды. Құтқарушылар аса сақтықпен жұмыс істеді. Өйткені, жерасты дүмпулері басыла қойған жоқ, ғимараттардың одан әрі қисаю, үгітілу қаупі болды. Зардап шеккендерді шығару үшін үш қабатты ғимаратты бөлшектеу қажет болды, жұмыс екі күнге созылды, одан қаза болған 19 адамның мәйіті шығарылды.

«Бір жағынан эмоционалды қысым көп болды, өйткені сілкіністер жалғаса берді. Кез келген секундта үй құлауы мүмкін еді, бірақ біз тапсырманы орындадық, зергерлердей жұмыс істедік. Әр сағат сайын кинологтарды жіберіп отырдық, бес минуттық үзіліс, тыныштық жариялап тұрдық», – деп еске алды Владимир Цой.

Құтқарылғандардың арасында ер адам мен оның үш ұлы болды, олар құтқарылғаннан кейінгі келесі күні қазақстандық құтқарушыларға алғыс айту үшін іздеп келді. «Олар аудармашы тауып: «Қазақтар неге соншалықты мықты, сіздерде жер сілкінісі үнемі болып тұра ма?» деп сұрады. Оған мен Қазақстанда құтқарушылардың жақсы мектебі қалыптасқан деп жауап бердім.

Расында, елімізде өте жақсы мектеп қа-

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-104 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 16 мамырдағы №5 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жедел жәрдем қосалқы станциясының құрылысы үшін Алматы қаласының Медеу ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-104 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Худжамбердиева Райхан Ахметовна	20-315-005-001	Медеу ауданы, Базарбаев к-сі, 29	0,0371
2	Исеева Гульчехра Аутовна, Исеев Тахир Теппахунович	20-315-005-151	Медеу ауданы, Айдын к-сі, 13	0,0677 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0195)
3	Исеева Гульчехра Аутовна, Исеев Тахир Теппахунович	20-315-005-151	Медеу ауданы, Айдын к-сі, 13	0,0677 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0195)
4	Акулова Ольга Ивановна, Акулов Анатолий Максимович	20-315-005-151	Медеу ауданы, Айдын к-сі, 13	0,0677 (иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0287)
5	Адекова Айгуль Агзамовна	20-315-005-353	Медеу ауданы, Базарбаев к-с і, 27/15	0,0393

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-105 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 10 қазандағы №11/20 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойын алаңын салу үшін Дастан Курмантаевич Шағамбаевтің және Анар Сейсеновна Оразакинованың Алматы қаласының Түркісіб ауданы, Жахангер көшесі, 14/13 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,0674 га (кадастрлық нөмірі 20-317-037-142) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-106 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалануындағы объект құрылысы (саябақ) үшін Алматы қаласы, Өуезов ауданы, «Ақсай-1А» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-107 қаулысы

РЕСМИ БӨЛІМ



almaty-aksham@mail.ru

Алматы қаласы әкімдігінің

2023 жылғы 23 ақпандағы

№1/1-106 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Car City» Акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	20-312-041-039	«Ақсай-1А» шағынауданы, 30/1 учаске	0,1528
2	«Kalkan-Su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-041-101	«Ақсай-1А» шағынауданы, 30/2 учаске	0,3580
3	«Алматыгорстрой» көп салалы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-041-043	«Ақсай-1А» шағынауданы, 30/3 учаске	0,2727
4	«Синма-Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-041-053	«Ақсай-1А» шағынауданы, 30/5 учаске	1,2630

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-107 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (реконструкциясы) (ойын алаңы және футбол алаңы) үшін Сағымқан Кенжемолдаеваның Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы Мейрам шағынауданы, Қыран көшесі, 20 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-014-860), жалпы ауданы 0,08 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-108 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 10 қазандағы №11 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаяу жүргіншілер кеңістігін ұйымдастыру үшін Вагиф Сариевич Аслановтың Алматы қаласының Өуезов ауданы, «Таугұл» шағынауданындағы, 4/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,3680 га (кадастрлық нөмірі 20-312-059-049) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-109 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №3/314-450 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қыркүйектегі №3/314-450 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Айжан Адымовна Накисбекованың Алматы қаласының Өуезов ауданындағы «Жетісу-2» шағынауданы, 80/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,1185 га, оның ішінде үлесі – 0,1181 га (кадастрлық нөмірі 20-312-050-294) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Е.ДОСАЕВ.
	Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 ақпандағы №1/1-110 қаулысы



ҚАРЖЫ

Қоғамдық мүдделі ұйымдардың қаржылық есебі

«Жария мүдделі ұйымдардың депозитарийге қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №94 бұйрығына сәйкес қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі депозитарийге жария мүдделі ұйымдардың (бұдан әрі мәтін бойынша – ОПИ) депозитарийге қаржылық есептіліктің ұсыну тәртібі айқындалған.

«Ақпараттық есеп орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қоғам) қаржылық есептілікті уақытылы ұсынбағаны үшін заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 239 және 250-баптарында көзделген әкімшілік жауапкершілікке тартылады (бұдан әрі – ӘҚБтК).

2021 жылы қоғам Алматы қаласында міндетті аудит жүргізбеген және депозитарийге қаржылық есептілікті ұсынбаған 300 аса қоғамдық мүдделі ұйымды анықтады.

2022 жылы Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті ҚР ӘҚБтК-нің 239-бабына сәйкес депозитарийге қаржылық есептілікті ұсынбағаны үшін 21 591,1 мың теңге сомаға айыппұл салынды және 250-бабы бойынша міндетті аудиттен жалтарған 1355,3 мың теңгеге айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Қаржылық есептілік аудиті департаменті қоғамдық мүдделі ұйымдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын тұрақты негізде зерделеуді ұсынады.

Сондай-ақ, әкімшілік іс қозғауды болдырмау мақсатында міндетті аудит жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну бойынша туындаған мәселелерін бақылауда ұстауды ұсынады.

ОПИ ұйымдарынан сұрақтар туындаған жағдайда Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 279-36-15 телефоны арқылы хабарласа алады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерін шығарушы және меншік иесі – «Alataу Aqparat» ЖШС мерзімді басылымдарды тарату саласында тәжірибесі бар қызметкерді жұмысқа шақырады. Жұмыс штаттық кестеге сәйкес, тұрақты жалақы, 5 күндік жұмыс күні және жоғары көрсеткіштер үшін бонустар бар. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 701 755 97 49.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі және Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі ардагерлер қозғалысының белсендісі Мүгілсім Жұмағалиқызы ҚҰДАЙБЕРГЕНОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЭКОКӨЛІК

ЭЛЕКТРМОБИЛЬГЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан бойынша ең көп электрмобиль
Алматы қаласында тіркелген



Елімізде электрмобильдер саны айтарлықтай артып, өсімі 65%-ды құрады. Дегенмен, электрмобильдер саны әлі де көп емес, олардың саны 800-ден сәл асады. Яғни электрмобильдер отандық автотұрақтардың 0,02%-ын құрайды.

Ашық дереккөздерден алынған мәліметке сәйкес, ең көп электрмобиль Алматы қаласында тіркелген. Қазір қалада токпен жүретін 420 авто бар, ал өткен жылдың басында олардың саны тек қана 43 автокөлік болған. Екінші орында 108 автокөлікпен Солтүстік Қазақстан облысы, көшбасшылардың үштігін елорда түйіндейді. Астанада биыл 61 автомобиль тіркелсе, бір жыл бұрын бәрі 35 дана болған.

Неусат мәліметтері бойынша,

өткен жылы электрмобильдер сатылымы әлемде 40%-ға өсті. Өрбір оныншы жаңа көлік электрлі болды.

Айта кеткен жөн, жыл басында Қазақстанда аралас жанар-жағармаймен жүретін 322,4 мың жеңіл автокөлік болды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 8,5%-ға артық. Мұндай автомобильдердің еліміздегі жалпы үлесі – 8,2%.

Досбол АТАЖАН.

ӨНЕР ДӘРІСІ

«Қарашығымда ғажайып әлем»

Алматыда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бірнеше мектеп-интернат бар. Ол мекемелерде ондаған бала тәрбиеленіп, ондаған тағдыр өсіп жатыр. Мүмкіндігі шектеулі балалардың да өз әлемі, өзіндік қиялы бар.

Ең бастысы – көңілге қонақтаған армандарын ортаға салып, ой түйгісі келетіндігі. Содан да болар, №2 Тірек тұтыну аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернатында тәрбиеленіп жатқан балалар көбіне сурет салып, армандарын бояу тілімен жеткізгісі келеді екен. Өсіресе, сурет салып, түрлі бұйым жасағанды жақсы көреді. Өздерінің өнерлі, қолдарының епекті екенін танытқысы келеді.

Қысқасы, бұл балалардың мүмкіндігі шектеулі болғанымен, өнердің бір саласын игеруге мүмкіндіктері зор. Соңғы уақытта аталмыш мекеме қаламыздағы Оқушылар сарайының әкімшілігімен тығыз байланыс орнатқан. Қосымша білім беру мекемесінің педагогтары Вероника Кулакова мен Раушан Болатоваға қосымша сағат бөлінген. Қазіргі кезде кәсіби мамандар №2 мектеп-интернатындағы тәрбиеленіп жатқан 169 балаға дәріс беріп қана қоймай, олардың өмірге деген қызығушылықтарын да арттырып отыр. Балғын бояу шеберлері өздерінің «Қарашығымда ғажайып әлем» атты сурет көрмелерін өткізіп үлгерді.

Рая ЕСКЕНДІР.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен УОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ДЕМАЛЫСЫҢЫЗ САТТИ ӨТСІН!

Мегаполисте аптаның әр сенбі-жексенбі күндері және мерекелер қарсаңында тұрғындарға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Демалыс күндері қаламызда өтетін қызықты да көңілді іс-шаралардан шет қалмаңыз.

«ҚАМАУДА ҚАЛҒАН АРМАН»

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Қамауда қалған арман» атты спектаклі болады. Қойылымда үлкен мегаполисте екі әйелдің өмірі, олардың жалғыздығы, күнделікті тіршілік деп өздерінің жан-дүниесін жоғалтып алған, екі тағдырдың өзгеше ауыртпалығы көрсетіледі. Аз ғана уақыт ішінде екеуі бір-біріне бауыр басып қалады, осы арада қызықты, шытырман оқиғаларға толы көріністер қойылымда орын алады. Күнделікті тіршілік деп ішкі «менін» жоғалтып алған екі тағдыр көрсетіледі. Қойылым үлкенді-кішілі барша көрермен қауымына арналған.

Режиссері – Нұржан Тұтов. Спектакль актриса, конференсье Марал Анарбектің сахнада жүргеніне 25 жыл толуына орай қойылған.



Өтетін орны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Күні мен уақыты: 28 ақпан, сағат 18.30.

КӨҢІЛДІ КЕШ

Мереке қарсаңында «Шымкент шоу» әзіл-сықақ театрының ерекше кеші өтеді. Қала қонақтары мен тұрғындарының назарына театр әртістері жаңа жоба әзірлеуде. Көңілді кеште эстрада жұлдыздарының әсем әні мен көңілді қойылымдарды тамашалай аласыздар.

Күлпәш бейнесімен жұртқа танымал Берік Тұрсынбеков, сондай-ақ, Дәурен Жұмаділов, Нұрболат Есенбеков, Қарлығаш Ахметова сынды өнерпаздар өз кәсібилігін ортаға салады. 7 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етілмейді, 7 жастан бастап жеке билет сатып алу қажет.



МЕРЕКЕЛІК ЖАҢА
БАҒДАРЛАМА

ШЫМКЕНТ
ШОУ

Өтетін орны: Республика сарайы.
Күні мен уақыты: 9 наурыз, сағат 19.30.



«ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ГҮЛДЕГЕНДЕ»

«Бахыт» сәндік-қолданбалы өнер орталығы қоғамдық қоры ҚР Мемлекеттік орталық музейімен бірлесе көктемгі «Қызғалдақтар гүлдегенде» қолөнершілер жәрмеңкесін өткізеді. Оған Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстанның шеберлері, суретшілері мен дизайнерлері қатысады.

Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мерекелері қарсаңында қолөнершілер барлық қала тұрғындарын түрлі сыйлықтармен және кәдесый өнімдерімен таңқалдырады. Сондай-ақ, Орталық Азия елдерінің дизайнерлері этностильдегі жаңа киім коллекциялары мен зергерлік бұйымдарды, керамика, металл, киіз бен жібектен жасалған заттарды, шығыс миниатюрасын ұсынады. Аталмыш жәрмеңкеде келушілер түрлі бағыттағы шеберлердің авторлық жұмыстарымен таныса алады.

Дәстүрлі өнер түрлерінің ішіндегі ең танымалы киіз басу болып табылады. Киіз бұйымдары өзінің экологиялық таза бұйым болуымен бағаланады. Іс-шарада шебер Әлия Сауғабекова киіз басу шеберлік дәрісін өткізеді. Жәрмеңкеде қала тұрғындары түрлі сыйлықтар сатып алуға мүмкіндік алады. Музейге келіп таңғажайып өнер әлемін тамашалауға асығыңыздар.

Өтетін орны: ҚР Мемлекеттік орталық музейінде.
Күні мен уақыты: 3–5 наурыз күндері, сағат 9.00-18.00-ге дейін.



«ЕР ТҰРАН»

Концерттік бағдарламада «TURAN» ансамблінің репертуарындағы фольклорлық және симфониялық үздік туындылар орындалады. Атап айтатын болсақ, «Бүркіт», «Сырласу», «Ақсақ Құлан», «Аққу», «Ортеке», «Толғау», «Ұлы Тұран мәңгілік», «Қара жорға», «Көроғлы», «Ер Тұран» және т.б. композициялық шығармалар көрермендер назарына ұсынылады. Іс-шара екі бөлімнен тұрады. Түркі дүниесінің музыкалық брендіне айналған «TURAN» фольклорлық-этнографиялық ансамблі әлемнің 70-ке жуық елінде 1300-ден астам жеке концертін өткізді. 2022 жылы ансамбль Түркия президенті Режеп Тайип Ердоғанның шақыртуымен және Бакудегі XIV У.Гаджибейли, сондай-ақ, Сеулдегі «Asia Song Festival» халықаралық музыка фестивалінде өнер көрсетіп, Өзбекстан мемлекетінде өткен II Яйлағ халықаралық фестивалінің арнайы қонағы болды. Ансамбль «Mendirman Jaloliddin» атты түрік тарихи сериалының екінші маусымына саундтрек жазды.

Өтетін орны: Абай даңғылы, №117 Музкафе, жасыл зал.
Күні мен уақыты: 25 ақпан, сағат 21.00.

«ЕСТЕ САҚТА, БАЛАҚАЙ!»

Демалысыңызды балалармен өткізуді жоспарласаңыз, «Алматы қалалық Мемлекеттік қуыршақ театрына» жол тартыңыз. Театр сахнасында жаңа қойылым. Сіздің де балаңыздың да көңілінен шығары сөзсіз. «Есте сақта, балақай!» атты спектакль бүлдіршіндерге өмірдегі түрлі сауалдарға жауап беріп, ақпараттық танымын кеңейтеді. Қоғам өмірінде маңызды орын алатын, салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, өрт қауіпсіздігі және жол жүру ережелерін қаншалықты жетік білеміз?! Күнделікті өмірде осы ережелерді қатаң сақтап жүрміз бе?! Бүлдіршіндер қызығушылығына сай интерактивті бағытта сахналанған «Есте сақта, балақай!» қойылымы осы сауалдарға жауап іздейді.

Астары терең тәрбиеге не жауапкершілікке, тазалыққа, жақсылыққа, кішіпейілділікке шақыратын қойылым көрермендерді бей-жай қалдырмасы анық.



Өтетін орны: Алматы қалалық Мемлекеттік қуыршақ театры.
Күні мен уақыты: 26 ақпан, сағат 16.00.

«КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ»

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының сахнасында «Қоштасқым келмейді» атты спектакль сахналанады. Терең психологизммен ерекшеленетін қойылымда ажырасуға бел буған сегіз отбасының әркілі тағдыры арқау болады. Жасы, әлеуметтік мәртебесі, дүниетанымы жағынан әртүрлі бірнеше шаңырақ иелері сан түрлі өмір драмасына ұшырап, күмән-күдікке, тақаппарлыққа бой алдырады – бақытты кездесулер баянсыз қоштасуларға ұласқалы тұр. Некелерін бұзуға сотқа келген оларды татуластырмаққа судья барын салады. Алайда, өзіміздің ерлі-зайыптылар бірін-бірі тыңдаудан, түсінуден қалған...

Шарттылық белең алатын қойылымда әр кейіпкер әртүрлі таным, жеке дүниетанымын алға тартады. Әрбір кейіпкер, яғни әрбір адам – жеке әлем, тек сол әлемге үнілу, оны түсіне, қажет болса кешіре білу – үлкен қасиет. Негізінен театрдың жас буыны қатысатын спектакль өмірдің осы бір қарапайым да күрделі пәлсапасы туралы ойларға жетелейді.



Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 26 ақпан, сағат 16.00.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.